

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1661.

Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 72 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне төрағаның 3 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 11 адамдық алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1804 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1804 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 184 қаулысы.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 27 желтоқсандағы

N 1661 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Инвестициялық бағдарламалар мен контрактілердің жүзеге асырылуын
бақылау жөніндегі бас басқарма

Шаруашылық серіктестіктерімен жұмыс жөніндегі бас басқарма

Мемлекеттік меншікпен жұмыс жөніндегі басқарма

Қаржы-есеп бөлімі

Заң бөлімі

Ұйымдастыру-кадр жұмысы және баспасөз қызметі бөлімі

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі